

**Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге  
8-қосымша**

**Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызының 6D080200 – «Мал шаруашылығы  
өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қой сүтінен өндірілетін ұлттық тағамдар  
технологиясының ғылыми негіздері» орындалған диссертациялық жұмысына  
Ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н<br>№ | Өлшем шарттар  | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап<br>нұсқаларының бірін сызу)   | Ресми рецензенттің<br>ұстанымына негіздеме<br>(ескертуді курсивпен<br>көрсету)   |
|----------|--|--|--|
| 1.       | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:<br>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | 2023-2025 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша АР19175496 «Биязы жүнді, жартылай биязы жүнді және қылшық жүнді саулықтар сүтінің сапасын зерттеу» және 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы бойынша АР0885575 «Ұсақ мүйізді мал сүті негізінде капсулалы жеміс-жидек концентраты бар тірі йогурт технологиясын жасау» жобалары аясында орындалған. |
| 2.       | Ғылым үшін маңыздылығы   | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.  | Диссертациялық жұмыс қой шаруашылығында сүт өнімдерін өндіру және өңдеу технологиясы бойынша өз үлесін қосады, жұмыс маңыздылығы толық ашылған.  |
| 3.       | Өзі жазу принципі  | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған.   | Б.О. Құлжанованың диссертация жазу деңгейі жоғары, зерттеу нәтижелеріне талдау жасай отырып, ғылыми стильмен сипаттап жазған. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі және зерттеу әдістері жақсы талданған.  |
| 4.       | Ішкі бірлік принципі   | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;  | Диссертация өзектілігі қой сүті иикізатын  |

|                               |  |  |
|-------------------------------|--|--|
|                               | <p>2) ішінара негізделген;<br/>3) негізделмеген.</p>   | <p><i>өнеркәсіптік өндіріс деңгейіне жеткізу үшін және қой сүтінен дайындалған сүт қышқылды өнімдер мен ірімшік өндіру технологиясын құрастыруға негізделген.</i></p>                              |
|                               | <p>4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын айқындайды:<br/>1) <u>айқындайды</u>;<br/>2) ішінара айқындайды;<br/>3) айқындамайды.</p>   | <p><i>Диссертация мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбын толық айқындап тұр.</i></p>  |
|                               | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді:<br/>1) <u>сәйкес келеді</u>;<br/>2) ішінара сәйкес келеді;<br/>3) сәйкес келмейді.</p>  | <p><i>Зерттеу мақсаты диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Қойылған міндеттер бір-бірімен өзара байланысты және мақсатты шешуге бағытталған.</i></p>   |
|                               | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br/>1) <u>толық байланысқан</u>;<br/>2) ішінара байланысқан;<br/>3) байланыс жоқ.</p>   | <p><i>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ережелері бір-бірімен өзара толық байланысқан.</i></p>  |
|                               | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br/>1) <u>сыни талдау бар</u>;<br/>2) талдау ішінара жүргізілген;<br/>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br/>4) талдау жоқ.</p> | <p><i>Диссертант жұмысының зерттеу нәтижелеріне отандық және шетелдік ғылыми мақалаларды салыстыра отырып, сыни талдау жүргізген.</i></p>  |
| 5. Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br/>1) толығымен жаңа;<br/>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;<br/>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>  | <p><i>Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер ішінара жаңа (75%) болып табылады.</i></p>  |
|                               | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br/>1) толығымен жаңа;<br/>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;<br/>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>   | <p><i>Диссертацияның қорытындылары ішінара жаңа (75%) болып табылады және тәжірибелермен дәлелденген.</i></p>  |
|                               | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br/>1) толығымен жаңа;<br/>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;<br/>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>  | <p><i>Диссертациялық жұмыста қолданылған техникалық (қой өсіру), технологиялық (қой сүтінен толыққанды әрі құнды өнімдер өндіру) және экономикалық (тиімділік) шешімдері ішінара жаңа және</i></p> |

|    |   |   |   |
|----|---|---|---|
|    |   |   | <i>негізделген болып келеді.</i>  |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі                                   | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).  | <i>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары нәтижелермен, дәлелдемелермен ғылыми тұрғыда негізделген.</i>  |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер                                  | <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда, ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жок</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жанашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> | <p>7.1 Қорғауға шығарылған барлық қағидаттар толық дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ғылыми жаңалығы ұлттық сүт өнімдерін шығаруға жағдай жасау, сүт өнімдерінің қатарын, оның ішінде дәстүрлі сүт өнімдерін қой сүті арқылы молайтып, дамыту.</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелердің бәрі мақалаларда толық дәлелденген.</p> |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | <p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>  | <p><i>Диссертациялық жұмыста әдіснаманың таңдауы негізделген.</i></p> <p><i>Диссертациялық жұмыс компьютерлік технологияларды қолдана отырып, 46 кесте мен 12 суретте сипатталған. Сандық мәліметтер өңделген.</i></p> <p><i>Жұмыстың қорытындылары тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</i></p>   |

|     |                               |  |   |
|-----|-------------------------------|--|---|
|     |                               | 1) <u>ия</u> ;<br>2) жок.  |   |
|     |                               | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.        | Диссертациядағы маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық (37) және шетелдік (93) ғылыми әдебиеттермен расталған.   |
|     |                               | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз.   | Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Әдебиеттерге шолу 125 ғылыми әдеби сілтемеден тұрады.  |
| 9   | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) <u>бар</u> ;<br>2) жок.   | Диссертациялық жұмыстың нәтижесі бойынша адамзатқа қажетті сапалы сүт өнімдерімен қамтамасыз ету тұрғысында теориялық маңызы бар.   |
|     |                               | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) <u>ия</u> ;<br>2) жок.    | Жүргізілген зерттеулердің негізінде қой сүттінің өнімділік көрсеткіштері және өнімдерін өңдеу технологиясы анықталған. Нәтижелерін мал шаруашылығы практикасында қолдану мүмкіндігі жоғары. |
|     |                               | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) <u>толығымен жаңа</u> ;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертациялық жұмыс негізінде алынған практикалық ұсыныстарды толығымен жаңа деуге болады.   |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы     | Академиялық жазу сапасы:<br>1) <u>жоғары</u> ;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен.   | Диссертация жұмысының академиялық жазу және безендіру сапасы жоғары.  |
| 11. | Диссертацияға ескертулер      |  | 1. Он бірінші қорытындыға нақты дәлелдемелер келтірілмеген.<br>2. Қорытындыларда жалпы сандық көрсеткіштер келтірілген, талдау арқылы қорытындылау қажет.                                   |

|  |  |   |
|--|--|---|
| <p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p> |  | <p>Б.О. Құлжанованың диссертация бойынша жазылған мақалаларының ғылыми деңгейі зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді.</p>  |
| <p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>   |  | <p>Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызының «Қой сүтінен өндірілетін ұлттық тағамдар технологиясының ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы 6D080200 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесінің талаптарына сай деп санаймын, аталған диссертацияны ашық қорғауға ұсынамын.</p> |

**Ресми рецензент:**

Доцент, «Семей қаласының Шәкәрім атындағы университет» КеАҚ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

мерзімі «09» қыркүйек 2024 жыл

Нуржанова К.Х.

(колы, тегі, аты-жөні)



ДҰРЫС  
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы  
- 09 - 09 20 24 ж.